

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балдәурен» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Жақыпова Дана				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	14.08. - 18.08.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бөлме өсімдіктерінің топырағын қопсыту. Мақсат-міндеттер: құралдармен ұқыпты жұмыс жасау біліктіліктерін дамыту; зеректілікке, байқампаздық танытуға бейімдеу. (еңбек дағдылары)	Аквариумдағы суды ауыстыру. Мақсат-міндеттер: өз жұмысының нәтижесінен алатын жағымды эмоцияларды дамыту, суды ұқыпты қолдану ережелерін еске түсіріп, қарапайым еңбек дағдыларын жетілдіру. (еңбек дағдылары)	"Ойыншықтарды әдемі орналастырамыз". Мақсат-міндеттер: өз бетінше топтағы тазалықты қолдау, тазалық жүргізу біліктіліктерін жетілдіру; эстетикалық талғамдарын, өзгелердің игілігі үшін еңбектенуді тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Терезе алдымен жиһаздарды сүртеміз". Мақсат-міндеттер: шүберекті сулап, шайып, қысып, терезе алдын, сөрелерді сүртуге қатысты еңбек дағдыларын жетілдіру; бастаған істі аяғына дейін жеткізуге машықтандыру. (еңбек дағдылары)	Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер жапырағын тиянақты сүртуді үйрету; еңбекті ұқыпты болуға бейімдеу. (еңбек дағдылары)
	"Туған өлкеде не өседі?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: ағаштар жайлы білімдерін бекіту, сөздік қорын қалыптастыру,	"Жазғы көгал" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды сын есім мен зат есімдерді байланыстыруға жаттықтыру; сөздік қорларын молайту.	"Не дөңгелек болады?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: ой-өрістерін, зеректікті, қиялдарын дамыту, білімдерін бекіту.	"Ойлан да тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды сипаттау әңгімелерін құрастыруға жаттықтыру, құрдастарын мұқият	"Лото: "Үй жануарлары"" үстел үсті ойыны. Мақсаты: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту;

	табиғатқа қамқорлық танытуға тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру) Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру. "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды,	(сөйлеуді дамыту) "Иттің үйшігі" құрылыс ойындары. Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейіндерін, жануарларға деген сүйіспеншілігін дамыту. Ойын жабдықтары. "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруды ұсынады. (құрастыру) Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ	(танымдық дағдылар) "Стоп-кадр" пантомима жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен	тыңдау біліктіліктерін дамыту. (сөйлеуді дамыту) "Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді.	заттарды, үй жануарларын, топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Түстер бойынша карточкаларды таңдау. "Еркелетіп ата" ойын-жаттығуы. Мақсаты: Құралдары: "Үй жануарлары мен төлдері" суреттері. - Балалар, білесіңдер ме, үй жануарларының төлдерін еркелетіп атасақ, шулағанын қояды екен. Еске түсіріп айтайық: - Құлын - құлыншақ. - Бұзау - бұзауқан. - Қозы - қошақан. - Бота - ботақан. - Мысық - марғау.
--	--	---	--	---	--

	Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Н. Арынова. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	қол моторикасын дамыту. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қадыр Мырза Али. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. (дене шынықтыру)	Құрт - жорғалайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	- Ит - күшік. - Ешкі - лақ.
Таңертеңгі жаттығу	Күнделікті дене шынықтыру жаттығуларын жасау әдебін тәрбиелеу.				

	Кешенді жаттығу. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым, Алға қарай бір адым, Жоғары, төмен қарайық, Жаттығу жасайық. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Асхана құралдары мен майлықты дұрыс қолдануды үйрету. Үлкен, кесек тамақты, Ұсақ етіп бөліп ал! Стақандағы сусынды, Төгіп алмай ішіп ал! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Әңгімелесу: "Көгал иесінде қонақта". Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктердің түрлері жайлы ұғымдарын кеңейту. Жәндіктердің дене құрылымы жайлы білімдерін бекіту.	"Ұқсайды, ұқсамайды" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыруға, түсі, пішіні, көлемі, жасалған материалы бойынша ұқсастығын анықтай білуге дағдыландыру.	"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту. "Мысық қалай қимылдайды?" саусақ жаттығуы.	Әңгімелеу: "Менің сүйікті жануарым". Мақсат-міндеттер: балалардың сөйлеуінде сәйкес түсініктерді белсендету, байланысқан әңгіме құрастыру біліктіліктерін қалыптастыру, диалогқа қатысу.	"Жұбын тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауын дамыту; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру.

			Мақсат-міндеттер: балаларды саусақ жаттығуын көрсетіп, сөзбен сүйемелдеуге машықтандыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: саусақтарға тағылатын мысықтың маскалары. Мысық қалай қимылдайды? (Қолдар үсте бетінде сол мен оң жаққа сермеп қозғалады) Көрсетейік осындайда. Ақырын аяқ басады, (Үстел бетімен саусақтар ұштарымен кезек жүргізу) Күшіктер қуса - қашады. ("Жүгірту") Орнынан, шап, секіріп, (Орнынан алға сермеп бір орнынан жылжыту)		
--	--	--	---	--	--

			Төбеге ытқып шығады. (Шапалақтау) Мысыққа жылуда, жарықта (Алақандар үстелде, саусақтар созулы) Болу өте қызықты: Күнге көзін жұмып-ашып, (Саусақтарды орындарынан кезек көтеріп-орнына түсіру) Созылып тыныш жатады. Д. Ахметова.		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қасқыр мен қоян" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларда кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін	Құрастырудан ойын-жаттығу "Мысық" Мақсат-міндеттер: Балаларға қарапайым пішіндерді қағаздан жасауға, бүктемелерді диагональмен дұрыс бүктеуді үйрету; шығармашылық	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Менің сүйікті үй жануарым" Мақсат-міндеттер: Балаларды жұппен түрлі бағытта жүгіру; заттарды алысқа дәлдеп сол қолмен лақтыру (3,5–6,5	Жапсырудан ойын-жаттығу "Менің қалаған үй жануарым" Мақсаты: Бұрын үйренген білімдер мен дағдыларды қолдана отырып, балаларды өз жұмысының мазмұнын өз бетінше	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Тотықұс" Мақсат-міндеттер: Сәндік құстардың сыртқы құрылымының ерекшеліктерін нақтылау, құстардың сұлулығына назар

	бағалау дағдыларын дамыту; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту; сұрақтарға толық жауап беруде талап ету; сөздік қорларын молайту; жабайы жануарлар туралы білімдерін толықтыру.	қабілеттерін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; үй жануарларына деген ұқыпты және қамқор қатынасты тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу "Қасқыр" әні Мақсат-міндеттер: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.	метрден кем емес) дағдыларын дамыту; балаларда қозғалыс бағытын өзгертіп, қосымша қадаммен алға; бытырап жүру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру іскерліктерін дамыту.	таңдауға және жоспарлаған жұмысты орындауға үйрету; жапсырудың әртүрлі техникаларын бекіту; шығармашылық белсенділігін арттыру; тәуелсіздікке тәрбиелеу.	аударту, құстарға күтім жасау ережелерімен таныстыру; байланыстырып сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту; балаларды құстарға деген сүйіспеншілікке, құстарға қамқорлық жасауға және қорғауға тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу,				

	киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Серуен	"Жаңғырықты" бақылау (тындау). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат құбылысы (жаңғырықпен) таныстығын кеңейту, ой-өрістерін, байқампаздықтарын дамыту; айналасын қоршаған әлемді, құбылыстарды танып, білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Балаларға әртүрлі ортаға барып, дауыстарын шығаруды ұсыну. Кең аулада, залда, ашық жерде	Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға, деген қызығушылыққа, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді	Көшеде өткен итті бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды жануарлардың қимылына, сыртқы келбетіне қызығушылықты арттыру; ит жануарының көп түрі болатыны туралы түсініктерін тиянақтау. Педагог балаларға Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ	Араны бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: араны өзге жәндіктерден ажыратып, таныс жәндіктерді атай білуге дағдыландыру; олардың басты ерекшеліктерін нақтылау; тіршілік иелерін танып-білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. "Ара". Қызғалдақтың қасына Қойып едім қондырмай, Бізін сұғып басыма,	Бақ-бақты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: емдік өсімдіктер, оларды жинау және қолдану ережелері жайлы ұғымдарын қалыптастыру үрдісінде, танымдық белсенділіктерін дамыту. Баланың тәрбиешімен және достарымен түрлі әсерлерімен бөлісу ынтасын қолдау. Өсімдіктерді, жан-жануарды күтіп-баптайтын орындарда, тағы басқа маман адамдардың еңбегі өте зор екендігі

	дауыстың соңынан тағы бір қайталанып, бәсеңделіп естілетін дауыстар тізбегі туралы айту. Бұл ауада ерекше жағдайда пайда болатын құбылысты "жаңғырып" деп атау. Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа жинау. Мақсат-міндеттер: еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі	Бір торғай ұшып. Бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. Б. Соқпақбаев Балаларға арыстан, жолбарыс сияқты жануарлардың мысық тектес екені туралы баяндау. Оларды сурет бойынша мысықпен салыстыруды, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды ұсыну. Еңбек әрекеті: ойын алаңын жинау бойынша тапсырмалар. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс жасап, нәтижесіне қуана	қол моторикасын дамыту. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қ. Мырзалиев Еңбек әрекеті: ұсақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: тазалықты сақтау ниетін дамыту. "Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу,	Шақты ара оңдырмай. Енді тимен оған мен, Ісіп кетті бас, шекем. Балы тәтті болғанмен, Тілі өзінің ащы екен! Қ. Мырзалиев. Балаларға араның қауіпі мен пайдасы туралы айту. Балалар араның әрекетіне бөгет болмау керектігін түсіндіру. Сонда шағудан құтылуға болады. Араның бал өнімін жасай білу қабілетін түсініп, адам араларға арнайы бағып-баптау бақшаларын жасайтыны туралы әңгімелеу. Еңбек әрекеті: балалармен бірге сәбилер тобының	туралы баяндау. Көркем сөз. "Санамақ". Жиналған соң достары, Қаздай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бір болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші. Бесіншісі - балташы, Алтыншысы - аспазшы. Жетіншісі - жылқышы, Сегізінші - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші, Оныншысы - орманшы. Е.Өтетілеуіов Балаларға айтылған мамандардың қайсысын білетінін сұрау. Еңбек әрекеті:
--	--	---	--	--	---

	бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.	білуге тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында	басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту. Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады. Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" тандалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады. Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы	ойын алаңын жинау. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс жасау, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу. "Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша, бір-біріне соғылмай, әртүрлі бағытта жүгіру біліктіліктерін дамыту; ойын шартын бұзбауға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Қарға" мен "торғайлар" екі топқа бөлініп, белгі бойынша екі түрлі қимылдарды жасайды (жүгіру мен секіру). Балаларды құстардың	тәрбиешімен бірге гүлзар ішіндегі құрап қалған гүлдерді тазалау. Мақсат-міндеттер: орындалған жұмыстан қуаныш сезімін алуды үйрету; экологиялық мәдениеттілікті тәрбиелеу. "Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: орташа қарқында жүгіруді жаттықтыру, құс қанатын келтіру, отырып тұру. "Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа,
--	---	---	---	--	---

	Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: аласа бөренемен жүру, тепе-теңдік сақтай білу. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, жан-жаққа шашырап жүгіру, координацияны дамыту.	кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай	қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?», - деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә.", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды. Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады. Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, сұрайды: "Қойым, қойым, өзінді ата!" Ал ойнаушы, "қой": "Мә-мә-мә", - деп дауысын шығарады. "Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған - "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала танылмай жатса, осы	қимылдарына еліктеу туралы ескерту керек. Кейіпкерлер тағы бір белгі бойынша екі жаққа таратылып кету тиіс. "Кім нысанаға тигізеді?" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: затты лақтыруды жаттықтыру; көзбен мөлшерлеуді дамыту. Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Қапты жеткіз". Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті сақтауға дамыту.	ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, доппен ойнау. Мақсаты: ептілікке, зеректікке тәрбиелеу.
--	--	---	--	---	---

	Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, орыннан биікке секіру. Мақсат-міндеттер: күш пен жылдамдықты дамыту.	өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. "Допты көрсет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты лақтырып, қағып алуға, жүгіруге жаттықтыру. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен	"қойшымен" ойын жалғасады. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Дербес ойындар: шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлай білуді, тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру.		
--	--	---	---	--	--

		алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеде секіру. Мақсат-міндеттер: күш-қаутты жетілдіру.			
Серуеннен оралу	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Асхана құралдары мен майлықты дұрыс қолдануды үйрету. Үлкен, кесек тамақты, Ұсақ етіп бөліп ал! Стақандағы сусынды, Төгіп алмай ішіп ал! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Балаларды біртіндеп ұйқысынан тұрғызу. Ауа ванналары. Ояну жаттығуы. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	"Менің адал досым" дидактикалық	"Қатені түзе" дидактикалық ойыны.	"Керісінше айт" дидактикалық ойыны.	"Кітап детективі" дидактикалық ойыны.	"Пайдалы - зиянды" дидактикалық

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	ойыны. Мақсат-міндеттер: өз денсаулықтарын нығайту, пайдаланып отырған азық-түліктердің зиянды немесе пайдалы екенін түсіндіре білу. Ойын басында тәрбиеші балаларға өздерінің сүйікті жан-жануарлары жайлы айтып беруді ұсынады. Тәрбиеші ит жайлы бейне фильм көруді ұсынады, қолға үйретілген жануарлардың иелеріне тәуелділігі жайлы түсіндіру, балалармен жан-жануарларға қандай көмек тигізуге болатынын бірге талқылайды. Тәрбиешімен бірге балалар әртүрлі	Мақсат-міндеттер: әрекеттердің дұрыс реттілігін орнатуға үйрету. Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады. (танымдық дағдылар) Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар,	Мақсат-міндеттер: балаларда зеректікті, ойлау жылдамдығын дамыту. Ойын барысы: тек қана қарама-қарсы мағыналы сөздерді атау. Балалар мен тәрбиеші шенбер құрып орындықтарға отырады. Тәрбиеші бір сөз айтып, допты балалардың біріне лақтырады, бала допты ұстап алып, қарама-қарсы мағыналы сөз айтып, допты қайта тәрбиешіге лақтыру керек. Мысалы: Тәрбиеші: "Алға!"-десе, бала: "Артқа!"-деп жауап береді, (оңға - солға, жоғары-төмен, алыс - жақын, т. б). Үстеуді ғана емес, сонымен сын есімдерді,	Мақсат-міндеттер: әріптерді нақты суреттермен сәйкестендіруді үйрету; ой ұшқырлығын дамыту. Барысы: әріпті жұмбақтап, балаға тапсырма беру - кітаптан сол әріпке сурет табу. Егер бірнеше бала ойнаса, жарыс элементтерін енгізу: кім қажет суреттер санын көп тапса, сол таңдайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат" Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету	ойыны. Мақсат-міндеттер: өз денсаулықтарын нығайту, пайдаланатын зық-түліктердің пайдасы мен зияндылығын түсіндіре білу. Ойын басында тәрбиеші балаларға үлкен парақ бетте бейнеленген пайдалы азық-түліктерді жасыл маркермен қоршауды ұсынады, Ары қарай тәрбиеші басқа азық-түліктердің зиянын түсіндіреді, балалармен бірге талқылайды. Бағыттаушы сұрақтар арқылы ойын барысында тәрбиеші балаларға тағам бойынша маман, шынығу бойынша нұсқаушы
--	---	--	---	---	--

	әрекеттердің нұсқасын ұсынады. (сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана". Мақсат-міндеттер: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Барысы.Тәрбиеші балалармен бірге	ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман) жайлы түсініктерін бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнеролик көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман) сияқты	етістіктерді: астыңғы-үстіңгі. Егер допты алған бала, жауап беруге қиналса, балалар тәрбиешінің ұсынысы бойынша топпен жауап береді. (сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын "Минимаркет" Мақсат-міндеттер: балалардың азық-түлік дүкені түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар	әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Барысы. Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды.	болуға мүмкіндік береді. (қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар". Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.
--	--	--	---	---	---

	дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу. Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек. Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын	мамандардың қызметінің маңыздылығын талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасайды:	(себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы);
--	--	---	--	---	--

	таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Соңында тәрбиеші балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі,	сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)			экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)
--	--	--	--	--	--

	қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)				
Балалармен жеке жұмыс	"Мысық қалай қимылдайды? саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды саусақ жаттығуын көрсетіп, сөзбен сүйемелдеуге машықтандыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: саусақтарға тағылатын мысықтың маскалары. Мысық қалай қимылдайды? (Қолдар үсте бетінде сол мен оң жаққа сермеп қозғалады) Көрсетейік осындайда. Ақырын аяқ басады, (Үстел бетімен саусақтар ұштарымен	Ойын-жаттығу: "Әдемі сөйлейміз". Мақсат-міндеттер: дыбыстарды дұрыс дыбыстау, (ш), (с) дыбыстары бар жаңылтпаштарды қайталау. (сөйлеуді дамыту)	Ойын-тапсырма: "Менің жануарым" (оригами). Мақсат-міндеттер: парақ бетті сызба бойынша бүктеу біліктіліктерін бекіту. (жапсыру)	Тыныс алу жаттығуы: "Көбелектер" Мақсат-міндеттер: сөйлеу аппаратын нығайту. (дене шынықтыру) "Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-	Ойын жаттығуы: "Мені ата". Мақсат-міндеттер: есту арқылы қабылдауды дамыту. (сөйлеуді дамыту)

	кезек жүргізу) Күшіктер қуса - қашады. ("Жүгірту") Орнынан, шап, секіріп, (Орнынан алға сермеп бір орнынан жылжыту) Төбеге ытқып шығады. (Шапалақтау) Мысыққа жылуда, жарықта (Алақандар үстелде, саусақтар созулы) Болу өте қызықты: Күнге көзін жұмып- ашып, (Саусақтарды орындарынан кезек көтеріп-орнына түсіру) Созылып тыныш жатады. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді,	
--	---	--	--	--	--

				шалқаяды. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Балаға арналған бас киім".	Әңгімелесу: "Судағы қауіпсіздік".	Кеңес: "Театрға арналған қуыршақтар жасау".	Әңгімелесу: "Бала гигиенасы".	Әңгімелесу: "Құммен ойнауға арналған ойыншықтар".

Әдіскер: А.А.Сулейменова